

e-mail:  
aikyn\_nurmedia@mail.ru



[www.facebook.com/aikyn.kz](https://www.facebook.com/aikyn.kz)



[www.twitter.com/aikyn\\_gazeti](https://www.twitter.com/aikyn_gazeti)

# АЙКЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ  
ГАЗЕТ

№55 (2931)  
14 сәуір, 2016  
БЕЙСЕНБІ

[www.aikyn.kz](http://www.aikyn.kz)



Саýнqали Аýдарбаев,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық  
кафедрасының менгерушісі, заң ғылымдарының  
докторы:

## «Әлем. XXI ғасыр» Манифесінің халықаралық құқықтық манызы бар

Жуырда ғана акпараттық агенттіктер Елбасы Н.А.Назарбаевтың 31 наурыз 2016 жылы Вашингтонда жария етілген «Әлем. XXI ғасыр» деп аталатын Манифес БҰҰ Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кенесінің ресми құжаты мәртебесіне ие болды деген хабарды таратты. Енді бұл Манифест әлемнің өміртеген елдерінің халықаралық құқық мамандары манызды халықаралық құжат ретінде зейін салып зерттейді. Осыған орай бұл құжаттың халықаралық құқықтық қырларына біздер де көз салғанымыз дұрыс.

Манифест аса манызды халықаралық мәселеге көніл бөлу керек деген жай ғана үндеу емес, ол халықаралық қауымдастықтың әрекеттерін кажет ететін накты қадамдар жоспары. Мәселен, Елбасы қауіпсіздік пен бейбітшілік жолындағы басты қадам өзін-өзі демилитаризациялау, яғни қаруқыздандыру, және оған қол жеткізу үшін «XXI ғасыр: соғыссыз әлем» бағдарламасы қабылдануы тиіс дейді.

Мұндай стратегиялық бағдарламаның негізіне қазіргі соғыста жаппай жою қаруының колданылуына байланысты жеңіске жету мүмкін еместігі, сондай-ақ кез келген мемлекетаралық дауларды реттеу кезінде бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін тен жауапкершілік, бірін-бірі құрметтей және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қафидаларына сүйену жатқызылуы тиіс дейді Елбасы. Атапған қафидаларға сәйкес Президент халықаралық қауымдастықтан кажет етілетін накты әрекеттер тізімін белгілейді.

Әлем қауымдастығы әрекеттерінің алғашқы бағыты ядролық және жаппай жою қаруының өзге де турлерінен толығымен босатылған әлемге деген қозғалысқа бай-

ланысты болмак. Бұл жерде жаппай жою қаруының жана түрлерін жасап шығару үшін ғылыми-зерттеулерді пайдалануға тыым салу бойынша орындалуға міндетті халықаралық құжаттарды дайындалауда кабылдау керек. Сол үшін БҰҰ шенберінде жаппай жою қаруын жасау және жетілдіру үшін пайдалануы мүмкін ғылыми-зерттеулер Ресстрін құру ұсынылуда.

Екінші бағыт шенберінде Президент Таяу Шығыста ядросыз аймақ құру бойынша халықаралық жұмысты төзетеп, соның және өзге де алты ядросыз аймактардың негізінде ауқымды Бейбітшілік Аумактарын құруды ұсынады. Мұндай соғыссыз және шиеленісі жок Аумактардың арнайы халықаралық құқықтық режимі болуы тиіс және оларға БҰҰ Қауіпсіздік Кенесі мен БҰҰ мүше мемлекеттері өз кепілдіктерін беруі керек.

Әлем қауымдастығы әрекеттерінің үшінші бағыты мазмұнын өскери блоктарға қарсы бағытталған БҰҰ шенберіндегі бейбітшілік, тұрақтылық, сенім мен қауіпсіздік үшін мемлекеттердің Жаһандық Коалициясын жасақтау құрайды.

Төртінші бағытқа Президент халықаралық қаруыздану үдерісін, ен алдымен зымырандарға қарсы жүйелер мен кәдімгі каруларға қатысты, жаңа тарихи жағдайға бейімдеуді, Қаруыздану бойынша БҰҰ Конференциясы қызметінің жаңа стратегиясын дайындауды, сондай-ақ киберқылмыстырылған сияқты жана қауіптің алдын алу жұмысын жатқызады.

Соңғы, бесінші бағыт БҰҰ-н 100-жылдық мерейтойына іске асыруға болатын барлық елдердін инфрақұрылымға, ресурстар мен нарықтарға тен де әділ қолжетімділігі негізінде халықаралық қаржы, сауда және даму саласындағы жаһандық бәсеке-

лестіктің әділ сөүлетін құруға байланысты. Мұның негізі ретінде Елбасы біздің елімізben БҰҰ Бас ассамблеясының 70-ші сессиясында ұсынылған және соғыс пен шиеленістердің тұп-тамырын жоюға бағытталған 2045 – Жаһандық Стратегиялық Бастама Жоспарын пайдалануды ұсынуда.

Ұсынылған әрекеттерді талқылап қабылдау және XXI ғасырдағы соғыстар мен шиеленістердің алдын алу мақсатындағы халықаралық құқық қафидаларын растау үшін Президент 2016 жылы жоғары деңгейдегі БҰҰ халықаралық конференциясын шақыртуды ұсынады.

Сонымен, біздерге халықаралық қауіпсіздіктің накты жүйесі ұсынылып отыр.

Қазіргі халықаралық құқықтың жетекші саласы болып табылатын халықаралық қауіпсіздік құқыбы шенберінде алғаш рет айтылып отырған бірқатар новеллаларды ерекше атап өтү керек. Мәселен, XXI ғасырдағы халықаралық қауіпсіздіктің барлық манызды қырларын қамтитын бірыншай стратегиялық құжатты қабылдау идеясының өзі әлемдік халықаралық құқық доктринасында бұрын-сонды ұсынылмаған еді. Сол сияқты ядросыз аймактар негізінде ауқымды Бейбітшілік Аумактарын құруды ұсынысы да халықаралық қауіпсіздік саласындағы мамандар үшін жаналық болып табылады. Эсқери блоктарға қарсы бағытталған БҰҰ шенберіндегі бейбітшілік, тұрақтылық, сенім мен қауіпсіздік үшін мемлекеттердің Жаһандық Коалициясын құру ұсынысы да сөзсіз жаңа екендігі күмән туғызбайды.

Құжаттың тағы бір манызды қырын атап өтү керек болады: ол бейбітшілік мақсатында ұсынылып отырған жаһандық әрекеттер мен Қазақстанның сыртқы саясат саласындағы бастамалары арасындағы туғызбайды.

«Әлем. XXI ғасыр» Манифесінің стратегиялық маныздылығын ескере отырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қытанастар факультеті қабырғасында оқытушылар мен студенттер арасындағы ғылыми конференциялар, семинарлар мен «ден-гелек үстелдер» сондай-ақ магистрлік және докторлық диссертациялар деңгейінде құжатты жан-жақты, кеңінен әрі терен зерттеу және талқылау жоспарлануда.